

ЖАМБЫЛ ОБЛЫСЫ ӘКІМДІГІНІҢ БІЛІМ
БАСҚАРМАСЫНЫҢ «ЖАМБЫЛ ДАРЫНЫ»
АЙМАҚТЫҚ ҒЫЛЫМИ-ПРАКТИКАЛЫҚ
ОРТАЛЫҒЫ» КОММУНАЛДЫҚ
МЕМЛЕКЕТТІК МЕКЕМЕСІ

№ 73

« 03 » 02 2026 ж.

Аудандық, қалалық
білім бөлімдерінің басшыларына

Облыстық білім басқармасына
қарасты мектеп директорларына

Жамбыл облысы әкімдігінің білім басқармасының «Жамбыл дарыны» аймақтық ғылыми-практикалық орталығы жылдық жұмыс жоспарына сәйкес **2026 жылдың 5 наурыз күні** республикалық «Мәшһүр Жүсіп оқулары» байқауының облыстық кезеңі өтетіндігін хабарлайды.

Байқауға аудан, қала және облыстық білім басқармасына қарасты мектептер бойынша 8-11 сынып оқушылары қатысады. Байқау талабына сай V номинация бойынша 5 үміткер қатыса алады.

Осыған орай, облыстық байқауға қатысатын оқушылардың сұранысын **2026 жылдың ақпанның 25 күнінен кешіктірмей қосымшадағы кестеге сәйкес** толтырып zhambyl@daryn.kz электронды почтасына жіберулеріңізді сұраймыз.

(Өтетін орны қосымша хабарланады)

Қосымша: 6 бет

Директор



М.Есеналиева

Орындаған: Ә.Тұнгат
Тел: 87479880094

000804

№	Аудан/қала	Ауылы	Мектептің атауы	Мектептің ID	Қатысушының аты-жөні (толық жазылу керек)	Қатысушының ЖСН	Сыныбы	Жетекшінің аты-жөні, телефоны (толық жазылу керек)	Жетекшінің ЖСН	Номинациясы
1										«Алдыма өлең жаз деп қағаз келген, Сөзімді сөйлеп бақтым мен де білген» ақындар мұшайрасы номинациясы
2										«Бас болып өнер білсең, тіпті жақсы» ғылыми зерттеу жобасын қорғау номинациясы
3										«Білімді зерек адам болам!» - десең, Қара өзіңді басқаның айнасымен эссе жазу номинациясы
4										«Мәшһүр Жүсіп Көпейұлының фольклорлық мұрасы. Хандар, батырлар» номинациясы
5										«Мәшһүр Жүсіп Көпейұлының фольклорлық мұрасы. Би-шешендер, жырау-ақындар» номинациясы



«БЕКІТЕМІН»

«Дарын» РҒПО директоры

Г. Тұрсынов

2026 ж. «3» 01

Жалпы орта білім беретін мектеп оқушылары арасында республикалық «Мәшһүр Жүсіп оқулары» байқауының өткізу ЕРЕЖЕСІ

1. Жалпы ережелер

1.1. Осы Ереже жалпы білім беру ұйымдары оқушыларының арасында республикалық «Мәшһүр Жүсіп оқулары» байқауын өткізу тәртібін айқындайды.

1.2. Байқаудың ұйымдастырушылары – «Дарын» республикалық ғылыми-практикалық орталығы, Павлодар облысы білім басқармасы, «Ертіс дарыны» өңірлік қосымша білім беру оқу-әдістемелік орталығы.

1.3. Мәшһүр Жүсіп оқуларының мақсаттары мен міндеттері:

- философ-ақынның рухани мұрасын дәріптеу, шығармаларында бейнеленген туған жерге сүйіспеншілік, белсенді азаматтық ұстанымды өскелең ұрпақта тәрбиелеу; тұлғаның зияткерлік және шығармашылық әлеуетін дамыту;
- Мәшһүр Жүсіп Көпейұлының туындыларындағы ел мен жерді құрметтеу, аялау, қадіріне жету идеяларын жас ұрпақ бойында сіңіру;
- оқу-білім, өнер үйрену, адамгершілік тақырыптарын негіз еткен туындылары арқылы отансүйер, білімді, рухы берік азаматтарын тәрбиелеу;
- әдебиетті, тіл мен өнерді құрмет тұтатын оқушылардың шығармашылық қабілеттерін ұштау;
- ғұлама еңбектерінің ел егемендігінің бастауы болғандығын көрсету;
- ақынның әдеби-тарихи деректерге толы шығармалары мен фольклорлық жазбаларындағы ұлттың ұлы тұлғаларымен таныстыру;
- ұлы тұлғалардың істерін келешек ұрпаққа үлгі тұту, ел тарихымен сабақтастыра кейіпкердің ерекшеліктеріне бүгінгі күн талаптарына сай сараптама жасай білу.

2. Республикалық байқау қатысушылары

2.1. Байқауға оқу тіліне қарамастан, мемлекеттік және мемлекеттік емес жалпы білім беру ұйымдарының және қосымша білім беру ұйымдарының 8-11 сынып оқушылары қатыса алады.

2.2. Республикалық «Мәшһүр Жүсіп оқулары» байқауына облыстық кезеңінде әр бағыт бойынша Бас жүлде иегерлері қатысады.

2.3. Байқауға әрбір облыстан, республикалық білім беру ұйымдарынан, республикалық маңызы бар қалалардан (*әр бағыт бойынша 1 оқушы*) барлығы 5 (бес) үміткер ұсынылады.

Ескерту:

- алдыңғы жылдардағы республикалық «Мәшһүр Жүсіп оқулары» байқауының «Бас жүлде» иегерлері ағымдағы жылғы байқауға қатыса алмайды.

- байқау қатысушыларының міндетті түрде дәрігерлік анықтамасы (эпидкоршау) болуы керек.

3. Байқау шарттары

3.1. «Мәшһүр Жүсіп оқулары» келесі 5 бағыт бойынша өткізіледі.

I бағыт: «Алдыма өлең жаз деп қағаз келген, Сөзімді сөйлеп бақтым мен де білген» – ақындар мүшәйрасы. Мәшһүр Жүсіп шығармаларын түсіне білу, оны дамыту, өз сезімімен байланыстыра алу талабы қойылады.

1. Қатысушыларға бірнеше тақырып ұсынылады.
2. Қатысушы бір тақырып бойынша өз өлеңін шығарады.
3. Шығарған өлеңінің идеясы, тақырыбы ақын шығармаларымен үндес және өзектес болуы шарт.
4. Ақын ойларын тарату, негізгі түйінін ұға білу және соған өз өрнегін, өз ойын көркем сабақтастыра алуы қажет.
5. Өлеңін мәнерлеп, көркем оқи білуі керек.
6. Өлеңнің идеясын ұғынуы, ақын тақырыбымен үндестік, өз өрнегі мен көркемдік сипаттары негізге алынады.

II бағыт: «Бас болып өнер білсең, тіпті жақсы» – ғылыми зерттеу жобасын қорғау. Ақын, әдебиетші, ел тарихын жинақтаушы бабаның туындыларына зерттеушілік көзқараспен баға бере білуді талап етеді. Мәшһүр Жүсіптің шығармаларындағы көркем ой мен мазмұн, талғам мен түсінік, ұлттық танымның ерекшеліктерін, адамзат, ұлт руханиятындағы мәнімен сабақтастыра отырып, ғылыми зерттеу жоба әзірлеп, оны қорғау талабы қойылады.

1. Жоба 20-25 бет көлемінде болуы керек.
2. Тақырыптың нақтылығы, өзектілігін анық белгілей алуы, мақсат-міндеттердің дұрыс қойылуы.
3. Тақырыпқа қажетті ғылыми, көркем әдебиеттерді зердеден өткізуі.
4. Қорғауға ұсынылатын тұжырымдардың ғылыми талдануы, әдіс-тәсілдерінің нақтылығы, қажетті материалдардың (көркем, ғылыми әдебиеттер мен т.б. дереккөздерінің) жеткілікті болуы.
5. Бөлімдер мен тарауларға дұрыс бөлініп, әр бөлім, тарау бойынша нақты қорытынды жасай алуы.
6. Дәлелдері мен тұжырымдары арқылы жасалған қорытындысының дұрыс анықталуы шарт.
7. Ғылыми жұмысты қорғауға 5-7 минут уақыт беріледі.



III бағыт: «Білімді зерек адам болам!» - десең, Қара өзінді басқаның айнасымен» – эссе жазу. Мәшһүр Жүсіп Көпейұлы шығармашылығынан туындайтын идеялар мен көркем ойларды кеңейте жазу, ашу, ұлт тарихымен, әдебиетінің өзге өкілдерінің көркем мазмұнымен байланыстыра алу, ұлы баба туындыларынан өріс алатын терең танымды тарату.

1. Эссеге қойылатын талаптардың бастысы – оның құрылымының нақтылығы: оқушының эсседе кіріспе мен негізгі бөлімнің ара-жігін дұрыс бөліп, ой желісін таратуда, жүйелі баяндауда құрылымдық белгіні сақтай алуы шарт.

2. Кіріспеде төмендегідей мәселелер қамтылуы тиіс:

- шығарма тақырыбы туралы әдебиеттегі ойлар мен пікірлер;
- қоғам үшін қажеттілігі, өмірді, ортаны түсінудегі мәні.

3. Негізгі бөлім:

- тақырып көтерген негізгі мәселелер;
- тақырыпты ашуға қажет деректер мен дәлелдер;
- нақты жүйелі ойлардың түйіні.

4. Қорытынды:

- негізгі бөлімдегі алынған нәтижелер мен ойлардың түйіні;
- тақырыптың маңызы.

Эссе құрылымының шарттары жалпы үлгі ретінде ұсынылады. Себебі эссе – еркін шығармашылық жұмыс. Ойды жеткізудің тәсілдері мен деректері, дәлелдері, тақырыпқа қатысты пікірлер шығарма жазушының өз стиліне, мәнеріне қарай өзгеруі де мүмкін. Бірақ қалай болғанда да, эссе де оқушының өз ойы, пікірі беріліп, дерек, дәлелдермен түйінделіп, бекітіліп отырылуы қажет.

IV бағыт: «Мәшһүр Жүсіп Көпейұлының фольклорлық мұрасы. Хандар, батырлар».

1. Қатысушыларға Мәшһүр Жүсіптің қазақ халқының хандары, батырлары туралы фольклорлық жазбаларынан келесі тізімде көрсетілген екі топтың ішінен бір тұлғаны таңдау ұсынылады.

«Хандар»: Алаша хан, Уыз, Шыңғыс хан, Жошы хан, Жәнібек хан, Тоқтамыс хан, Қасым хан, Есім хан, Тәуке хан, Абылай хан, Абайділда хан, Кенесары хан.

«Батырлар»: Ер Едіге, Қобыланды батыр, Шора батыр, Қаракерей Қабанбай, Қанжығалы Бөгенбай, Шақшақұлы Жәнібек, Балтакерей Тұрсынбай, Шанышқылы Бердіқожа, Олжабай батыр, Малайсары батыр, Жасыбай батыр, Баян батыр.

2. Қатысушылар өздері таңдап алған тұлға туралы толық мәліметтерді жеткізе білуі қажет.

3. Қатысушылар таңдап алынған тұлға жайында Мәшһүр Жүсіп қандай деректер келтіреді, қандай тарихи оқиға арқылы тұлға бейнесін ашады және басқа да дерек көздерінен жинаған қосымша мәліметтерімен толықтырып салыстырады. Мәшһүр Жүсіп мұрасының тарихи, әдеби,

рухани маңызын, қажеттілігін, тұлға туралы деректерінің мәнін жүйелеп талдау талап етіледі.

4. Қорғаушының деректерді мол жинауы, жүйелеп сараптай алуы, өз тұжырымының дәлелділігі, жаңашылдығы, тұлғаның тарихи-әдеби орнын аша білуі, жүйелілігі, баяндау тілі мен стилі, бірізділігі мен уақыт көлеміндегі ұтымдылығы, сөз саптау шеберлігі бағаланады.

5. Жұмыс арнайы дайындалған слайд арқылы қорғалады. Берілетін уақыт: 5-7 минут. Уақыттан асып кетсе қазылар алқасы тарапынан ескерту жасалып, баяндама тоқтатылады.

6. Оқушылардың деректерді Мәшһүр Жүсіп фольклорлық жазбаларынан жинау қажеттігі ескеріледі.

V бағыт: «Мәшһүр Жүсіп Көпейұлының фольклорлық мұрасы. Би-шешендер, жырау-ақындар».

1. Қатысушыларға Мәшһүр Жүсіптің қазақ халқының би-шешендері, жырау-ақындары туралы фольклорлық жазбаларының ішінен келесі тізімде көрсетілген бір тұлғаны таңдау ұсынылады.

«Би-шешендер»: Төле би, Қазыбек би, Мөңке би, Байдалы би, Едіге би, Шоң би, Шорман би, Торайғыр би, Бөлтірік би, Ақтайлақ би, Тайтеке би, Үкібай би, Досбол би, Тайкелтір би, Жиренше, Избасты, Байдалы шешендер;

«Жырау-ақындар»: Асан қайғы, Бұқар жырау, Көтеш Райымбекұлы, Жанак Сағындықұлы, Шернияз Жарылқасұлы, Орынбай Бертағылұлы, Мәделі Жүсіпқожаұлы, Шортанбай Қанайұлы, Шөже Қаржаубайұлы, Ұлбике Жанкелдіқызы, Күдеріқожа Көшекұлы, Ақмолла Мұхамедиярұлы, Біржан Қожағұлұлы, Базар Оңдасұлы, Ақан сері Қорамсаұлы.

2. Қатысушылар өздері таңдап алған тұлға туралы толық мәліметтерді жеткізе білуі қажет.

3. Таңдап алынған тұлға жайында Мәшһүр Жүсіп қандай деректер келтіреді, қандай тарихи оқиға арқылы тұлға бейнесін ашады және басқа да дерек көздерінен жинаған қосымша мәліметтерімен толықтырып салыстырады. Мәшһүр Жүсіптің мұрасының тарихи, әдеби, рухани маңызын, қажеттілігін, тұлға туралы деректерінің мәнін жүйелеп талдау талап етіледі.

4. Қорғаушының деректерді мол жинауы, жүйелеп сараптай алуы, өз тұжырымының дәлелділігі, жаңашылдығы, тұлғаның тарихи-әдеби орнын аша білуі, баяндау тілі мен стилі, жүйелілігі, бірізділігі мен уақыт көлеміндегі ұтымдылығы, сөз саптау шеберлігі бағаланады.

5. Жұмыс арнайы дайындалған слайд арқылы қорғалады. Берілетін уақыт: 5-7 минут. Уақыттан асып кетсе қазылар алқасы тарапынан ескерту жасалып, баяндама тоқтатылады.

6. Оқушылардың деректерді Мәшһүр Жүсіп фольклорлық жазбаларынан жинауы қажеттігі ескеріледі.

4. Қаржыландыру

4.1. Республикалық «Мәшһүр Жүсіп оқуларының» аудандық (қалалық), облыстық кезеңдерін қаржыландыруды тиісті білім органдары жүзеге асырады.

4.2. Республикалық байқау қатысушыларының жол жүру шығындары, сонымен қатар жетекшілердің жол ақысы, тамақтануы орналасуы жіберіп отырған мекемелері тарапынан төленеді.

4.3. Қатысушылардың тамақтануына, жатын орнына байланысты шығындарын ұйымдастырушы есебінен қарастырылады.

5. Жұмыс органдары

5.1. Республикалық «Мәшһүр Жүсіп оқулары» байқауын дайындау, өткізу жөніндегі ұйымдастыру жұмыстарын жүзеге асыру мен үйлестіру мақсатында «Дарын» республикалық ғылыми-практикалық орталығының бақылауымен Павлодар облысы білім беру басқармасы бұйрығы негізінде Ұйымдастыру комитеті құрылады.

5.2. Ұйымдастыру комитеті облыс білім беру басқармасының, облыстық мекемелердің қызметкерлерінен, жоғары оқу орындарының ғалымдарынан, жергілікті басқару органдарының мамандарынан құрылады.

5.3. Республикалық Ұйымдастыру комитеті:

- байқауды өткізудің жалпы тәртібін белгілейді, тікелей басшылық жасайды;
- байқаудың материалдарын бұқаралық ақпарат құралдарында жариялайды.

6. Қазылар алқасы

6.1. Республикалық «Мәшһүр Жүсіп оқулары» байқауы қазылар алқасының құрамы төрағадан, хатшыдан және алқа мүшелерінен тұрады.

6.2. Қазылар алқасы:

- қатысушылардың өнерін 10-ұпайлық жүйемен бағалайды;
- қатысушылардың өнерін бағалаудағы даулы мәселелерді талқылайды және қажет болған жағдайда тиісті түзетулер енгізеді;
- жеңімпаздарды анықтайды, жүлделі орындарды белгілейді.

7. Байқауды қорытындылау және марапаттау рәсімі

7.1. Республикалық «Мәшһүр Жүсіп оқулары» байқауының қатысушыларын марапаттау рәсімі салтанатты түрде өткізіледі.

7.2. Байқау жеңімпаздары «Дарын» РҒПО-ның I, II және III дәрежелі дипломдармен марапатталады, сондай-ақ, 6 жүлделі орын белгіленеді және арнайы номинациялар табысталады. Жеңімпаздар жалпы қатысушылар санының 45%-ын құрайды. Барлық қатысушыларға сертификат беріледі.